

Қазақстан Республикасында өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қыркүйек N 1110.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, елде бәсекеге қабілетті өнімдер өндірісі мен оны сатудың автоматтандырылған есебін қамтамасыз ету, халықаралық тауар нумерациясы жүйесі негізінде тауар өндірушіні бірегейлендіру, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметі үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөнiндегi комитетi:

заңды тұлғалар өндіретін және сататын өнімдерге штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізу жөнiндегi жұмысты ұйымдастырсын;

өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізуді регламенттейтін нормативтік құжаттардың әзірлемесін, тұтыну тауарлар мен көліктік буып-түюлерді таңбалау үшін штрихтық шартты белгілерді пайдалану тәртібін қамтамасыз етсін;

"EAN Қазақстан" заттық нумерациялар ассоциациясына халықаралық талаптарға сәйкес, сондай-ақ EAN International халықаралық заттық нумерациялар жүйесіне шоғырлану мақсатында Қазақстан Республикасының өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізу жөнiндегi республикалық әдістемелік орталығының функцияларын үлестіріп берсін;

Қазақстан Республикасында өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізу жөнiндегi бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыру үшін жауапты бас ұйымды айқындасын;

тауар және дайындаушы, өнімдердің бірегейлігі, өндірілетін және сатылатын өнімдер туралы есепке алу мен есеп берудің тиімділігін арттыру туралы ақпараттар берудің қазіргі заманғы технологияларын енгізу мақсатында өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесі бойынша ұйымдардың мамандарын оқытуды ұйымдастырсын;

штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізудің кезең-кезеңдік кешенді бағдарламасын әзірлесін;

1997 жылдың 1 қаңтарына өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесін міндетті түрде пайдалану жөнiндегi дайындық жұмыстарын жүргізуді

қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

1997 жылдың 1 наурызына дейін бұқаралық ақпарат құралдарында өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізу жөніндегі нормативтік құжаттар туралы хабарламалар жарияласын.

2. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғалар:

Қазақстан Республикасында жүргізілетін өнімдерді міндетті түрде штрихты шартты белгілеу жүйесін 1997 жылғы 1 сәуірден бастап енгізу жөніндегі дайындық жұмысын жүргізсін;

өнімдерді штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстарды заттық нумерацияларды пайдаланушылар қаражаты есебінен қаржыландыруды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, Әділет министрлігі, Кеден комитеті 1997 жылғы 1 сәуірден бастап меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғалардың өнімдерді міндетті түрде штрихты шартты белгілеу жүйесін енгізу жөніндегі ұйымдық және құқықтық шаралар өткізуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі